

## НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТ

<b>Бағдарлама атауы</b>	<b>«Қазақ-ағылшын тілі және лингвистика» ББ</b>
<b>Аккредитация</b>	<b>IQAA</b>
<b>Мектеп</b>	<b>Жоғары Гуманитарлық Мектебі</b>
<b>Коды</b>	<b>6B02</b>
<b>Бағдарлама коды</b>	<b>6B02303</b>
<b>Оқыту түрі</b>	<b>Күндізгі</b>
<b>Кредит саны</b>	<b>248</b>
<b>Кредит ECTS саны</b>	<b>248</b>

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТЫ:

- Түлекке лингвистикалық бағытта (аударма практикасы, оқыту әдістері, мәтінмен жұмыс) өзекті білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беретін инновациялық оқыту бағдарламасы.
- Студенттің қазақ және ағылшын лингвистикасы блоктары пәндерінен оқу жоспарын құрып, мәтінмен жұмыс, сабақ беруіне мүмкіндік беретін оқытудың икемді траекториясы.
- Екі майнорға дейін игеруге мүмкіндік беретін қосымша мамандандыру («Жазбаша аударма», «Конференц-аударма», «Медиа лингвистика», «TESOL»).
- Бірінші курстан өтетін практика арқылы ерте кәсібилендіру.
- Сараптамалық, сыни тұрғыдан ойлау және сарапшы-практиктер қатарынан оқытушыларды тарту, кәсіби дағдыларын дамыту жүйесі арқылы терең практикалық бағыттылық.
- Ұтқырлық (серіктес университеттердің пәнін жеке оқу жоспарына енгізу, ғылыми конференцияларға, мектептер мен тағылымдамаларға қатысу мүмкіндігі).
- Сапалы бэкграунд пен кәсіби қызмет тәжірибесі бар, сондай-ақ бағдарлама мазмұнының нарық қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарына бағдарланған кәсіби практиктердің ұсынымдарына сай.

## БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ:

«Қазақ-ағылшын тілі және лингвистика» бағдарламасы заманауи оқыту әдістемесін, аударма жасау және медиа жазылым дағдыларын меңгерген қазақ және ағылшын тілді лингвист маманды дайындауға бағытталған.

## БІЛІМ АЛУШЫДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- қазақ/ағылшын тілдеріндегі практикалық және теориялық білімін әдеби, ғылыми мәтіндерді лингвистикалық талдауда қолдану;
- әртүрлі тілдік ортада аудиторияның ерекшелігіне бейімделе отырып өз ойы мен идеясын қазақ/ағылшын тілдерінде (ауызша және жазбаша) сауатты тұжырымдап жеткізу;
- лингвистика және пәнаралық ғылымдарда ғылыми-зерттеу және жоба жұмыстарын ұйымдастырып, өткізу;
- кәсіби және тұлғааралық қатынаста эмоционалды интеллектіні қолдану;
- сыни тұрғыдан ойлау және кәсіби міндеттер мен мәселелерді шешу дағдыларын меңгеру;
- оқыту, аударма жасау және медиа салаларында кәсіби және зерттеу этикасы нормаларын ұстану;
- қазақ тілінен ағылшын тіліне (және керсінше) жазбаша және ауызша аударма жасаудың әдістері мен стратегияларын меңгеру;
- қазақ және ағылшын тілдерін оқытудың заманауи әдістерін қолдану;
- редакциялау және спичрайтинг дағдыларын игере алу.

## БАҒДАРЛАМА ҚАЛАЙ ИГЕРІЛЕДІ?

«Қазақ-ағылшын тілі және лингвистика» ББ-ның академиялық кредиттер бойынша топтастырылуы.

<b>Жалпы білім беру бағдарламалары – 56 академиялық кредит</b>
<b>Базалық пәндер</b> - Міндетті– 78 кредит - Таңдау компоненті – 35 кредит (2 майнорды қосқанда)
<b>Бейімдеуші пәндер</b> - Міндетті – 50 кредит - Таңдау компоненті – 5 кредит
<b>Оқу-танымдық практика - 1 академиялық кредит</b>
<b>Өндірістік практика I – 3 кредит</b>
<b>Өндірістік практика II – 8 академиялық кредит</b>
<b>Білім беру бағдарламасы бойынша емтихан тапсыру мен дипломдық жұмыс/жоба жазу және қорғау– 12 кредит</b>
<b>Жалпы: 248 кредит</b>

Қазақ-ағылшын тілі және лингвистика ББ-ның оқу жұмыс жоспары **9 негізгі модульден** тұрады, олардың әрқайсысы кәсіби құзіреттіліктерді дамытуға арналған пәндерден құралған.

**1. «Жалпы білім беретін пәндер» модулі (міндетті)** - жалпы әлеуметтік құзыреттерді қалыптастыратын жалпы білім беретін пәндерден тұратын блок. Олардың кейбіреулері базалық компонент пәндерінің пререквизиттері ретінде көрсетіліп, бағдарламаның 1-2-семестрлерінде оқытылады. Бұл блокқа логикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, негізгі жазбаша дағдыларды қалыптастыруға, өз тезистерін ауызша және жазбаша дәлелдей біліп, жұмыстарда плагиатқа жол бермеуге бағытталған пәндерден тұрады.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр
Модуль «Жалпы білім беру пәндері» (міндетті)	ЖББП пәндері	56	1-2

**2. «Ағылшын тілі деңгейін арттыру» модулі (міндетті түрде)** – аталған пәндер блогы ағылшын тілінде пәндерді табысты меңгеру үшін қажетті ағылшын тілі деңгейін қалыптастыруға бағытталған. «Қазақ-ағылшын тілі және лингвистика» ББ студенттеріне ағылшын тілін білу бойынша шекті талаптар қойылмайтындықтан, бұл блоктың маңыздылығы ерекше.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
Ағылшын тілі деңгейін арттыру (міндетті)	Базалық ағылшын тілі I (A1-A2)	10	1	Ағыл.
	Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы	5	1	Ағыл.
	Базалық ағылшын тілі II (A2-B1)	10	2	Ағыл.
	Базалық ағылшын тілі III (B1-B2)	10	3	Ағыл.
	Академиялық ағылшын тілі C1	5	4	Ағыл.
	Академиялық ағылшын тілі C2	5	5	Ағыл.

**3. «Қазақ тілінің теориясы» модулі (міндетті)** – аталмыш модуль арқылы студенттер қазақ тіл білімінің теориясымен танысып, оның құрылымдық және функционалдық жүйесін меңгереді. Сонымен қатар жинақтаған теориялық білімдерін практикада қолдануға дағдыланады.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
Модуль «Қазақ тілінің теориясы» (міндетті)	Тіл біліміне кіріспе (қазақ тілі)	5	2	Қаз.
	Қазақ тілінің фонетикасы	3	3	Қаз.
	Морфология, синтаксис және лексика (қазақ тілі)	7	3	Қаз.
	Стилистика мәтіні (қазақ тілі)	5	3	Қаз.
	Қазіргі әдеби процесс	5	3	Қаз.
	Қазақ тілінің функционалды грамматикасы	5	4	Қаз.
	Психоллингвистика	5	6	Қаз.

**4. «Ағылшын тілінің теориясы» модулі** (міндетті және элективті) – бұл модуль студенттерге ағылшын тілінің теориялық пәндерін оқуға мүмкіндік береді. Осы пәндерді меңгеру арқылы студенттер ағылшын тілінің құрылымының, бөлімдерінің және функцияларының ерекшеліктерімен танысады.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
<b>Модуль «Ағылшын тілінің теориясы» (міндетті және таңдау компоненті)</b>	Тіл біліміне кіріспе (ағылшын тілі)	5	2	Ағыл.
	Фонетика және фонология (ағылшын тілі)	3	3	Ағыл.
	Морфология, синтаксис және лексика (ағылшын тілі)	7	3	Ағыл.
	Ағылшын тілінің тарихы	5	5	Ағыл.
	Әдеби редакциялау	5	7	Ағыл.
	Әлеуметтік лингвистика	3	7	Ағыл.
	Мәдениетаралық коммуникация	5	7	Ағыл.
	Корпустық лингвистика	5	7	Ағыл.
	Әдебиет	5	7	Ағыл.

#### **5. Модуль «Медиа лингвистика» (міндетті және таңдау компоненті)**

Бұл модуль тілдің бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуын зерделеуге бағытталған. Білім алушылар медиа тілдің мәртебесін функционалдық стилистика тұрғысынан анықтауды үйренеді. Бұл курс әртүрлі типтегі медиа мәтіндерді сипаттау әдістерін, әлеуметтік-мәдени факторлар мен тілдік әдістердің адамдардың санасына әсерін қамтиды. Студенттер медиа мәтіндердің барлық түрлерін олардың өндірісі, таралуы, ауызша және медиа сипаттамалары тұрғысынан сипаттауға және жіктеуге көмектесетін параметрлер жүйесімен танысады.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
<b>Модуль «Медиа лингвистика» (міндетті және таңдау компоненті)</b>	БАҚ және қоғам	5	5	Ағыл.
	Медиа мәтіндердің функционалды түрлері мен жанрлары	5	5	Ағыл.
	Спичрайтинг	5	6	Ағыл.
	Қарым-қатынас этикасы	5	6	Ағыл.
	БАҚ-тағы құқықтық сауаттылық және ақпараттың дұрыстығы	5	7	Ағыл.
	Жаңалықтар журналистикасы	5	7	Ағыл.
	Стилистика	5	7	Ағыл.

## 6. Модуль «TESOL (ағылшын тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету)» (міндетті және таңдау компоненті)

Аталмыш блок шет тілдерін оқыту саласында өз мансабын құрғысы келетін білім алушыларға арналған.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
«TESOL (ағылшын тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету)» (міндетті және таңдау компоненті)	Шет тілдерін оқыту әдістемесінің тарихы	5	4	Ағыл.
	Ағылшын тілін оқытудағы технологиялар	5	5	Ағыл.
	Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту	5	5	Ағыл.
	Шет тілін оқыту теориясы мен әдістемесі	5	5	Ағыл.
	Курстар мен оқу материалдарын әзірлеу	5	6	Ағыл.
	Тілдік білімді бағалау әдістемесі	5	6	Ағыл.

7. «Жазбаша аударма» модулі (элективті) – блок жазбаша аударма дағдылары мен автоматтандырылған аударма жүйесі мен аударма жадын (CAT tools) пайдалану дағдыларын меңгергісі келетін білім алушыларға арналған. Модуль қосымша білім мен дағдыларды игеруге, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
Модуль «Жазбаша аударма» (элективті)	Аударма теориясы	5	5	Ағыл./Қаз.
	Терминология	5	6	Ағыл./Қаз.
	Translation tools and Practice	5	7	Ағыл./Қаз.
	Жазбаша аударма I	5	6	Ағыл./Қаз.
	Жазбаша аударма II	5	6	Ағыл./ Қаз.
	Ресми-іскерлік құжаттардың аудармасы	5	7	Ағыл./Қаз.
	Техникалық мәтіндердің аудармасы	5	7	Ағыл./Қаз.
	Заңгерлік аударма	5	7	Ағыл./Қаз.
	TOLES Foundation	5	7	Ағыл.
	Toles Higher	5	7	Ағыл.

**8. «Конференц-аударма» модулі (элективті)** – бұл блок ілеспелі және синхронды аударманың базалық дағдыларын меңгергісі келетін білім алушылар үшін жасалған. Модуль білім алушыларға қосымша білім мен дағдыларды игеруге және жұмысқа орналасу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
<b>Модуль «Конференц-аударма» (элективті)</b>	Аударма теориясы	5	5	Ағыл./Қаз
	Терминология	5	6	Ағыл./Қаз
	Ілеспелі және синхронды аударма I	5	6	Ағыл./Қаз
	Ілеспелі және синхронды аударма I	5	7	Ағыл./Қаз
	Ілеспелі және синхронды аударма I	10	7	Ағыл./Қаз

**9. «Жазылым және зерттеу дағдылары» модулі (міндетті және элективті)** – блок студенттердің жазбаша және зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл модуль зерттеу әдістерін зерделеуге негізделген академиялық жазудың теориясы мен практикасын үйлестіреді. Зерттеу әдістерін үйрену студенттерге қорытынды жоба жазу кезінде пайдалы болатын аналитикалық және зерттеу дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.

Модуль	Курс	Кредит	Семестр	Оқыту тілі
<b>Модуль «Жазылым және зерттеу дағдылары» (міндетті және элективті)</b>	Академиялық қазақ тілі I	5	1	Қаз.
	Академиялық қазақ тілі II	5	2	Қаз.
	Академиялық ағылшын тілі C1	5	4	Ағыл.
	Академиялық ағылшын тілі C2	5	5	Ағыл.
	Креативті жазылым (ағылшын тілі)	5	7	Ағыл.
	Креативті жазылым (қазақ тілі)	5	7	Қаз.
	Зерттеу әдістері I	5	5	Ағыл./Қаз
	Зерттеу әдістері II	5	6	Ағыл./Қаз
	Зерттеу әдістері III	5	7	Ағыл./Қаз

## БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Студенттің курс бағдарламасы бойынша жеткен жетістік деңгейі қабылданған қорытынды бағалардың жалпы жүйесі негізінде бағаланады.

Әріптік бойынша баға	жүйе	Баллдардың сандық баламасы	Оқу пәнін игеру дәрежесінің пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A		4,0	95-100 %	Өте жақсы
A-		3,67	90-94 %	
B+		3,33	85-89 %	Жақсы
B		3,0	80-84 %	
B-		2,67	75-79 %	
C+		2,33	70-74 %	
C		2,0	65-69 %	Қанағаттанарлық
C-		1,67	60-64 %	
D+		1,33	55-59 %	
D		1,0	50-54 %	Қанағаттанарлықсыз
Fx		0,5	25-49 %	
F		0	0-24%	

\* F(x) бағасы емтихан сессиясы кезінде өткізілетін қорытынды бақылауды бағалау үшін ғана қолданылады.

## КУРС САЯСАТЫ:

а) Курсты нәтижелі аяқтау үшін **студентердің міндеті:**

- барлық сабақтарға қатысу қажет. Егер студент іс-тәжірибелік/дәріс/байланыс сабақтардың 20% - дан астамына қатыспаса, ол автоматты түрде курстан шығарылған болып есептеледі;
- сабаққа кешікпеу керек. Егер студент 10 минуттан артық кешіксе (1,5 сағаттық сабақ), 15 минут (2 сағаттық сабақ) онда сол сабаққа қатыспаған болып саналады. Сондай-ақ, сабақ кезінде 10 минуттан (1,5 сағаттық сабақ), 15 минуттан (2 сағаттық сабақ) артық аудиторияда болмаған студенттер сабаққа қатыспаған болып есептеледі.
- - тапсырмалардың барлық түрлерін уақытында тапсыру қажет. Оларды тапсыру уақытын Canvas ААЖ-нен көруге болады. Студенттер тапсырмаларды дедлайн уақыты өткеннен кейін, (онлайн) 24 сағатта тапсыру мүмкіндігіне ие. Тапсырманы көрсетілген мерзімде орындамаса, бағаның 10% пайызы кемиді. Егер студенттер дедлайн уақыты мен қосымша тапсыру мүмкіндігін жіберіп алса, олардың жұмысы мүлдем қабылданбайды.
- Сондықтан студенттерге барлық тапсырмаларды алдын ала тапсыру ұсынылады. академиялық адалдық талаптарын сақтау. (Академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты қараңыз [rukovod.pdf \(kazquu.kz\)](https://www.kazquu.kz/rukovod.pdf)).
- Барлық онлайн жазбаша тапсырмалар Turnitin арқылы тексеріледі.

б) Студенттерге оқытушылардан кері байланыс алу үшін СОӘЖ/кеңес беру сағаттарына қатысу ұсынылады.

в) Барлық жүктелген материалдар “Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы” Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалған. Бұл материалдар тек осы курстың мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін, алайда кез-келген басқа нысанда және кез-келген тәсілмен таратылмайды.

Бағалау бойынша толығырақ ақпарат алу үшін сілтеме бойынша өтіп, Бағалау саясатының толығырақ нұсқасымен танысыңыз <https://tson.kazquu.kz/wp-content/uploads/2023/02/BA-ALAU-SAYASATYEMTIHANDARDY-TKIZU-EREZHELERI.pdf>

## МАНСАПҚА ЖЕТУ МҮМКІНДІКТЕРІ:

- мемлекеттік мекемелер;
- ғылыми зерттеу және талдау орталықтары;
- халықаралық компаниялар;
- жоғары және орта білім беру мекемелері;
- үкіметтік емес ұйымдар;
- елшіліктер;
- ақпараттық және жарнамалық агенттіктер;
- аударма бюролары;
- БАҚ

Серіктестер мен жұмысқа орналасу үшін толық ақпаратты <https://sla.kazguu.kz/tsentre-praktiki-karey-i-trudoustrojstva/> сілтемесі арқылы немесе [ices\\_sla@kazguu.kz](mailto:ices_sla@kazguu.kz) поштасына хабарлама жазу арқылы біле аласыз.

## БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҚАЛАЙ КӨРІНІС ТАБАДЫ?

Оқуды аяқтағаннан кейін MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY академиялық қырынан өзін ерекше көрсеткен студенттерді **үздік дипломмен марапаттайды**. Олардың өзі үш дәрежеге бөлінген:

- Cum laude. Cum laude дипломын алу үшін студент 3,5 – 3,7 орташа баллын жинап, «жақсы» және «өте жақсы» бағаларына ие болу керек;
- Magna cum laude. Magna cum laude дипломын алу үшін студент 3,8–3,9 орташа баллын жинап, «жақсы» және «өте жақсы» бағаларына ие болу керек;
- Summa cum laude. Summa cum laude дипломын алу үшін студент 4.0 орташа баллын жинауы керек.

Бакалавриатты бітіргеннен кейін оқуда 4 жыл қатарынан үздіктердің тізімінен табылып, зерттеу және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан студенттер MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY-дің «АЛТЫН КІТАП» - тізіміне енуге үміткер бола алады.

### **«Алтын кітап» тізіміне енудің талаптары:**

- білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес дипломға енгізілген барлық пән, тағылымдама және басқа бөлімдер бойынша «өте жақсы» немесе «жақсы» деген бағалардың болуы;
- университетте оқу барысында сәгіс, ескертулердің болмауы;
- университеттің ғылыми-зерттеу немесе қоғамдық өміріне белсенді араласу.

Аталған бөлімдерді растау үшін студент қажетті құжаттарды (куәлік, диплом, марапат пен медаль) ұсынуы керек.



## ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУДЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БАР?

### АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

Университеттің халықаралық бөлімі академиялық жылдың әр қыркүйек және қазан (көктемгі семестрге өтінім беруге) айында, сондай-ақ наурыз және сәуір (күзгі семестрге өтінім беруге) айында студенттерді меморандум аясында серіктес университеттерге оқуға жібереді.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылы 58 студент шетелге бару мүмкіндігіне ие болды. Академиялық ұтқырлықпен барудың **критерийлері**:

- 2 немесе 3- курс студенттері (кредиттердің жалпы саны – 60 мин.);
- GPA 2.5 немесе одан жоғары;
- Ағылшын тілінен B2 немесе одан жоғары деңгей.

Maqsut narikbayev University студенттерін академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қабылдайтын университеттер <https://kazquu.kz/ru/mezhdunarodnoye-sotrudnichestvo/> тізімі көрсетілген.

Академиялық ұтқырлық пен алмасу бағдарламасына қатысты ақпаратты толығырақ білу үшін халықаралық бөліммен [mobile@kazquu.kz](mailto:mobile@kazquu.kz) байланыса аласыз.

### ОҚУҒА ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

Бағдарламаға түсу үшін ҰБТ-дан қазақ тілі мен әдебиеті пәнін таңдау керек. Сондай-ақ университетте тілдік пәндерді тиімді меңгеру мақсатында КЕПТ тесті тапсырылады.

Толығырақ ақпаратты <https://kazquu.kz/wp-content/uploads/2023/06/Politika-priema-2023-2.pdf> сілтемесінен алуға болады.